

Фильмге прокаттау куәлігінің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 желтоқсанда № 12460 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 96 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 10.04.2019 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Р Қ А О - н ы ң ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 28-2 бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес фильмге прокаттау куәлігінің нысаны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрдегі осы бұйрықтың көшірмелерін жолдауды;
 - 3) осы бұйрықты оның ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен соң он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат ұсынуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 366 бұйрығына
қосымша

нысан

Фильмге прокаттау куәлігі

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

Фильмнің атауы: _____

— Шығарушы ел: _____

— Шығарушы студия: _____

— Шыққан жылы: _____

— Фильмнің форматы: _____

— Фильмнің хронометражы: _____

— Сценарий авторы (лары): _____

— Қоюшы-режиссер (лер): _____

— Қоюшы-оператор (лар): _____

— Қоюшы-суретші (лер): _____

— Музыкалық шығарманың авторы (лары): _____

— Продюсер (лер): _____

—

Фильмнің сериялар саны: _____

—
Фильмнің жанры: _____

—
Фильмнің тілі, фильмнің дубляждау тілдері (бар болса): _____

Шығарушы ел берген көрермендердің жас шегі (индексі):

_____ Түрі: _____

—

—
аумағында фильмге құқық

тиесілі

Фильмді пайдалану құқығының санаты: _____

—
Фильмді пайдалану құқығының қолданылу мерзімі: _____

Көрермендердің жас шегіне қарай фильмнің индексі: _____

(уәкілетті адамның тегі мен инициалдары)
Уәкілетті адамның электрондық қолтаңбасы
